

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____
№ _____

010000, Нұр-Сұлтан, Мәжілис Парламента
« __ » _____ 20 __ года

2022 жылғы 27 сәуір жарияланды

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары
Е.Л.Тоғжановқа

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Ералы Лұқпанұлы!

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында біздің елімізде «Жауапты мемлекет - жауапты қоғам - жауапты адам жүйесі» берік орнығуы керек» деп атап көрсетті.

2015 жылы елімізде мемлекеттігіміздің бастауы - Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өттік. Республикалық деңгейде қолға алынған мерекелік іс-шараның шарықтау шегі Тараз қаласында болды.

Осы салтанаттың аясында көне қаланың қақ ортасында «Көне Тараз музейінің» ашылуы біздің мәдени-рухани өмірімізде елеулі оқиға болғаны анық.

Алайда, атаулы жаңалықтың жалғасуы - музейдің ұлттық мәдени мәні мен оның халықаралық деңгейде туристерді қызықтыратын жолын ашпай, мүлдем тоқтап қалды.

Себебі, атақ-даңқы алысқа кетіп, сырттай әсемдігі көз тартатын су жаңа музей ғимараты сапасыз салынған болып шықты.

Төбесінен су сорғалады, жертөле үй-жайы жарамсыз, кәріз жүйесі, электрмен жабдықтау, желдету және жылыту, салқындату жүйелері мүлдем жұмыс істемейді.

Бұл құрылысты салуға және сол уақытта ішкі музейлендіруге 1 млрд. 250 млн. теңгеге жуық қаржы жұмсалған.

Осыншама мемлекет қаржысы ауаға ұшқанмен бірдей болады.

Жергілікті атқару органдары бас мердігердің жұмысты сапасыз орындағаны үшін келісім-шартты бұзуы, одан кейін қайта жөндеу жұмыстары ешқандай нәтиже берген жоқ.

Жеті жылға жуық жұмыс істемей, көзге күйік болып, қаңқиып тұрған бұл музейдің тағдыры қалай болғанда да шешілуі тиіс.

Осы орайда, «АМАНАТ» партиясы Фракциясының мүшелері:

- 1) Осы «сақалды құрылысты» аяқтаудың амалын қарастыруды;
- 2) Шешім қабылдаған шенеуніктердің жауапкершілік деңгейін анықтауды;
- 3) Мұндай сорақылықтың қайталанбауы үшін құқықтық жағдай жасауды қарастыруды сұраймыз.

Сауалды қарау нәтижелері туралы жауапты «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 27-бабына сәйкес беруді өтінеміз.

**Құрметпен,
Парламент Мәжілісінің депутаттары,
«АМАНАТ» партиясы
депутаттар Фракциясының
мүшелері:**

**М. Төлепберген
Г. Нұрымова
Н. Раззақ
Ж. Әшімжанов
С. Адамбаев**

орын. Ә. Қапезова, 746789